

Қамкоршылық кенес отырысының
№5 хаттамасы

16 акпан 2024 жыл

Ақтөбе қаласы «М.Фабдуллин атындағы №70 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ

Катысқандар саны: 9

Катыспағандар: 0

Катысқандар:

1. Қамкоршылық кенес төрагасы - Қ.Қ.Табаналы
2. Кенес мүшесі орынбасары – М.Қ. Қайыржанұлы
3. Кенес мүшесі – С.М. Сауанаев
4. Кенес мүшесі – М.Б. Байдрахманұлы
5. Кенес мүшесі – М.М. Шукралиева
6. Кенес мүшесі – Ш.Б. Абишева
7. Кенес мүшесі – Г.М. Утарова
8. Кенес мүшесі – Д.М. Сембай
9. Кенес мүшесі – Б.Б. Дүйсенова

Күн тәртібінде

1. Асханада окушылардың тамактану жағдайы (бракираждық).

Әлеуметтік педагог Бакишева Б.К.

2. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыстары

ДТІЖО Әбденов Ж.Н.

3. Мектеп формасы, тазалық жұмыстарын тексеру.

ДТІЖО Калдыбаева А.Б.

4. Окушылардың оқулықтарын тексеру жұмыстары

Мектеп кітапханашысы Кадирова А.

5. Ағымдағы мәселелер

Қ.Қ. Табаналы

Тындалды:

Қамкоршылық кенес төрагасы Қ.Қ. Табаналы күн тәртібімен таныстырып, бірінші мәселе бойынша сөзді әлеуметтік педагог Б.К. Бакишевага берді.

Мектеп асханасының жұмысын бакылау және окушылардың тамактану деңгейіне мониторинг жүргізу мақсатында Бракираждық комиссия жұмысы ұйымдастырылды. Комиссияның құрамына ДТІЖО, қамкоршылық кенес төрагасы, директордың шаруашылық ісі-жөніндегі орынбасары, шаруашылық менгерушісінің көмекшісі, әлеуметтік педагог, медбике бар. Комиссияның жұмысы Бракираждық комиссия туралы ережеге сәйкес жүзеге асырылады, жыл басында бекітілген жоспарға сәйкес жұмыс жасаймыз.

Тамактану сапасына мониторинг жүргізу бойынша комиссияның құрамына төмендегі міндеттер түсіндірілді. Ас блогындағы, асхана жұмысының ұйымдастырылуы, тамак дайындау сапасын, тамактың балалардың негізгі тағамдық заттарға физиологиялық қажеттіліктеріне

сәйкестігі ас блогы қызметкерлерінің жеке гигена ережелерін сақтауын бақылау. Санитарлық нормага сай барлық құрылғылар жұмыс жасап тұр. Пісіру пештерінің жай-күйі жақсы, таза. Асхана ішінің жағдайы жақсы. Сатылымдағы тағамдардың беті жабық, сатуға тиым салынған тағамдар сөрелерде жоқ. Су крандарының жұмыс жасауы қалыпты. Тамактану уақыты кестеге сәйкес құрылған. Тамактардың дыйндалу сапасы жақсы, нормага сәйкес болды. Қабылданатын азық-түлік өнімдерінің талапқа сәйкес болды. Қабылданатын азық-түлік өнімдерінің талапқа сәйкес тағамды жасау технологиясы сақталған, тоңазытқыштардың жұмыс жасауы қалыпты. Тоңазытқыштар таза, жуылған, санитарлық жағдайы жақсы. Қолданылатын ыдыс-аяқтар саны жеткілікті, тексеру кезінде сынған, зақымданған фактілер анықталмады. Жоспарга сәйкес брақираждық комиссия жұмыстары жалғасын табады.

К.К. Табаналы: Аптаның бір күні мектебіміздің окушыларына ұлттық тағам беру үйимдастырылуда ма?

Г.Б. Нұргалиева: Алдағы уақытта аптаның бір күніне ұлттық тағам беруді қарастыратын боламыз.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Н. Әбденов Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыстары жөнінде сез алды.

Қазақстан Республикасының оку ағарту министрінің төрағалығымен өткен кеңестің 2023 жылғы 4 қыркүйектегі №28 хаттамасының 2.4 тармағының «2023-2024 оку жылында ҚР орта білім беру үйимдарындағы оку-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын, Ақтөбе қаласы білім бөлімінің 10.10.2023 жылғы №03-03.2181 хатын басшылыққа ала отырып, 2023-2024 оку жылында мектепте «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жұмысын үйимдастыру жөнінде тапсырма келді.

ҚР оку ағарту және Ақтөбе облысының білім бөлімінің тапсырмасымен Мәлік Фабдуллин атындағы №70 жалпы білім беретін орта мектепте 1-желтоқсан ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы ашылды. Педагогикалық қолдау орталығын ашылу салтанатының тұсау кесер рәсімін Ақтөбе облысының білім бөлімі басшысы Жайық Сұлтан Исаұлы мен Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Табаналы Куаныш Құрманбайұлы жасаған болатын. Ашылу салтанатында ата-аналар құрамынан құрылған концерт үйимдастырылды. Ата-аналарды қолдау орталығын кабинеті жасақталып, 2023-2024 оку жылына жоспар құрылды. Қазіргі таңда ата-аналармен жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Ігі бастама негізінде ата-ана мен мектеп арасындағы байланысты нығайту мақсатында ата-аналар кезекшілігі үйимдастырылды. Сонымен катар ата-аналар тәрбие сағаттарына қатысып, мұғалімдермен бірігіп сабак өткізді.

Біртұтас тәрбие бағдарламасын ұлттық құндылықтарды іске асыру, ата-аналарды педагогикалық қолдау мақсатында «Біз Жаңа Қазақстанның еңбекті, өнерді, құндылықты сүйетін болашағымыз» атты «Әже мен немере» сайысы өткізді.

Сайысты өткізу мақсатымыз жанұядығы әже мен немере, ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту, қазақтың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын бойымызға сіңіру.

2-токсан демалыс уақытында окушылардың «Әкеммен бір күн» бағдарламасы іске асты.

Бастауыш клас окушыларымен «Мен әжеммен мақтанамын» атты шара өтті. Алдағы уақытта жоспар бойынша жұмыстар жүргізіледі және мектеп пен ата-аналар байланысын одан әрі күшетүтеге жұмыстанамыз.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша, директордың тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары А.Б. Калдыбаева мектеп формасы, тазалық тексеру жұмыстары жөнінде тоқталды.

Мектеп формасы – бала үшін ең маңызды элемент болып табылады, себебі баланың көпшілік уақытын мектепте өткізеді. Мектеп формасы оку процесіне зейнін тұрактап шоғырлануға көмектеседі және басқа заттарға аудармауды дәріптейді.

Орта білім беру үйимдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы ҚР Білім және Ғылым министрлігінің 2016 жылғы 14 кантардағы №26 бүйрүгімен

орта білім беру үйымдары үшін міндетті мектеп формасының талаптары бекітілген болатын. Осы бұйрық негізінде мектебімізде мектептің ішкі тәртіп ережесіне сай мектеп формасы енгізілген болатын. Осы бұйрық негізінде мектебіміздегі окушыларға, мектептің ішкі тәртіп ережесіне сай, мектеп формасы енгізілді.

Рейд жұмыстарын жүргізу барысында кейбір ер балалар мен қыз балалардың мектеп формасын сакталмағаны анықталды. Кейбір кластарда ер балалардың шалбары тобықтан жоғары, қысқа шұлық киіп алған. Окушыларға ескерту жасалып, класс жетекшілер тарапынан қадағалау туралы түсіндірме жұмыстар жасалды. Оқу-тәрбие жұмысын зерделеу жоспарына сәйкес 2024 жылдың 5-12 ақпан күндері аралығында №41 бұйрық негізінде 1-11 класс окушыларының тазалығы тексерілді.

Қ.Қ. Табаналы: Тазалық, оқу секторлары бар ма әрбір класс бойынша?

А.Б. Калдыбаева: Мектебімізде әр класс бойынша тазалық, оқу секторлары, класс белсенділері бар. Кесте бойынша класс бұрышында жазылған.

Күн тәртібіндегі тортінші мәселе бойынша, окушылардың оқулықтарын тексеру жұмыстары жөнінде мектеп кітапханашысы А.Кадирова сөз алды.

Биылғы 2023-2024 оку жылы карсанында КББ-нен 8202 дана оқулық алынды. Мектебіміздің барлық окушылары мектеп кітапханасы қорынан толықтай оқулықтармен қамтамасыз етілді. Мектеп оқулығы әр оку пәні бойынша білім көзі болып табылады. Сондықтан, оқулық – әр окушының айнасы, мектептің кітап қорына деген жанашырлықтың белгісі болып табылады. Білім алушыларды оқулықтарға дұрыс және ұқыпты карауга үйрету мақсатында бұйрық бойынша арнайы топ құрылып «Таза оқулық» атты оқулықтарға рейд жүргізілді. Сабакта оқулықтарының болуы, мұқабасының дұрыстығы, сондай-ақ оқулықтардың сыртқы түрі тексерілді. Тексеру барысында оқулықтардың мұқабасы жоқ немесе ұсақ жөндеуді қажет ететін кітап иелері, білім алушыларға «Мектеп оқулығына ұқыпты карау туралы», «Оқулықты сакта», «Оқулықты ұзақ сактау» нұсқаулықтар жүргізіліп, мектеп кітапханасынан оқулықтарды пайдаланудың негізгі ережелері туралы және оқулықтарды пайдаланудың негізгі ережелері туралы және оқулықтарды ұқыпты, күтіп ұстау үлкен жауапкершілік жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

1-11 сынып аралық окушылардың колындағы оқулықтардың жағдайын тексеру барысында балалардың кітапты күтіп ұстаудың катысты келесі қорытынды шыгарылды.

Бастауыш класс окушыларының оқулықтар жағдайы жақсы. Орта буын окушылары кітаптары таза, кейбір окушыларға ретке келтіру жөнінде ескертілді. Барлық окушыларға талап бір: Сынып жетекшілері бұл мәселені бакылауға алды. Жалпы окушылардың оқулықтарды күтіп ұстау жағдайлары қанағаттанарлық. Оқулықтарды сактай отырып, біз мемлекеттік мұлікті қорғауды үрленеміз және азamatтық тұрғымызды тәрбиелейміз.

Қ.Қ. Табаналы: Окушылардың кітапханамен байланысы қалай?

А.Кадирова: Окушылардың кітапханамен байланысы жақсы. Окушылар өздеріне қалаған кітаптарды 15 күнге жаздырып алады. Әрі қарай күнін создыруға болады.

Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша қамқоршылық кенес төрағасы Қ.Қ. Табаналы Ағымдағы мәселелер төнірегінде сөз кезегін директордың бастауыш ісі жөніндегі орынбасары Орысбайқызы Аяғөзге берді.

Балаларға қосымша білім беру – білім алушылардың білім алу қажеттіліктерін жан-жакты қанағаттандыру максатында жүзеге асырылатын тәрбиелу мен оқыту үрдісі, үздіксіз білім беру жүйесінің ақырамас болігі.


Мектеп гимаратының жертөлесін тиімді пайдалану және ата-аналардың сұранысын қанағаттандыру максатында, жертөлеңі конкурс арқылы жеке кәсіпкерге бергіміз келді. Бұл жертөле кабинеттерін безендіруді жеке кәсіпкерге міндеттейміз, осы жұмыс арқылы окушылардың өмір қауіпсіздігінің сакталуы басты назарымызда, яғни окушыларымыз сабактан соң басқа аудандарға, қоғамдық көліктермен орталықтарға баруға мәжбүр болмайды. Сондай-ақ ата-анасының екеуі де жұмыста болатын окушылар үшін өте қолайлыш болмак, себебі қосымша білім беру сабактарын мектептің тасымал автобусының кестесіне сәйкес ұйымдастыру арқылы екіжакты тиімділіккі көздейміз.


Білім беру қызметіне мектептің білікті ұстаздары тартылады, бұл ата-аналардың сұранысы, окушылардың танитын бейімделген мұғалімдерден сабак алуына жағдай жасау. Сонымен катар мектептің білім сапасын арттыру, болашақ олимпиада резерфтерін құру үшін де үйрме білім беру орталығының ықпалы зор болмақ. Орталық қызметін ұйымдастыруши тұлғалар мектеп гимаратының жертөлесінен орын бөлгөніміз үшін кабинеттер жабдықтайды, материалдық база жасақтайды. Келісімшарт негізінде 3 жыл қолемінде жұмыс жасауға ұсыныс тастап отыр. Нәтижесінде жабдықталған материалдық база мектеп меншігінде қалады. Осы косымша ақылы білім беру қызметін ұйымдастыруға қолдау білдіреді деп ойдамыз.

Кенес мүшелері күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сойлегендерді тыңдалап, талқылап қаулы етеді

Қаулы:

1. Асханадагы окушылардың тамақтану жағдайы бақылауда болсын. Окушылардың талғамына қарай тиімді жұмыстар ұйымдастырылсын.
2. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысы жандандырылсын.
3. Класс жетекшілер тараپынан мектеп формасының сакталуын күнделікті қадағалау қолға алынсын. Мектептегі тазалық секторларымен жұмыс күштейтілсін.
4. Кітапхана шылар, класс жетекшілер тәрбие сағатында окушылардың кітаптарға қызығушылығын арттыру мақсатында жұмыстар жүргізу.
5. Мектебіміздің жертөлесін тиімді пайдалану мақсатында, ата-аналардың өтінішін ескере отырып, конкурс арқылы жеке кәсіпкерлерге ұсыну

Қамқоршылық кенес төрағасы  К.К. Табаналы

Хатшы  А.А. Тансикова